ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ

СТУДЕНТТІҢ АНЫҚТАМАЛЫҚ – ЖОЛ СІЛТЕУШІСІ

Шымкент, 2016 ж

ҚЫМБАТТЫ СТУДЕНТТЕР!

Анықтамалық – жол сілтеушісі Шымкент университеті туралы мәліметтер, академиялық және студенттік күнтізбелер, студенттердің оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері, кітапхананы, желі қызметтерін пайдалану Ережелері, білімалушыға қызмет көрсететін бөлімдер туралы ақпарат қамтылған.

Қосымша ақпарат пен оқу курстарының сипаттамасын Сіз университеттің www.univershu.kz. вебсайтында ала аласыз.

Білімге құштар болсаң, өзің ізден!

Шығармашылық қабілетіңді шыңда!

Сапалы білім алу өз қолыңда!

Бәсекеге қабілетті білім алу тек сенің болашағың үшін!

Бүгінгі күннің жаңалығы – ертеңгі күннің шындығы!

Үнемі жаңалыққа ұмтыл!

Эдвайзердің көмегіне сүйен!

Тьюторға сенім арт!

Біздің миссиямыз

Қазақстанның Оңтүстік аймағы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжанды тәрбиеленген мамандар дайындау

Біздің мақсатымыз

- Болон процесінің қағидалары мен әлемдік тенденцияларға сәйкес сапалы білімге ұмтылу, интеллектуалды лидер болу;

- Еңбек капиталына қарай әріптестік ұжымдармен өзара ынтымақтастық орнату;

- Үздіксіз білім беру жүйесіне қолжеткізу;

- Аймақта білім беру жүйесінде университетті беделді оқу орны қатарына қосу;

- Жастар Білім беру мүмкіндіктері негізінде өмірге жол ашу;

- Әлеуметтік топтарға қолдау көрсету арқылы қол жетімді білім беруді қамтамасыз ету

Біздің қағидамыз

- Өзара әріптестікке сеніммен қарау;

- Ұжымдық жұмыстың мәдениеттілігі мен сапасына назар аудару;

- Ашық және мерзімінде ақпарат алу;

- Инновациялық стратегияны қалыптастыру;

Университет бөлімдері туралы анықтама

Оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг басқармасы	226 каб.
Офис-тіркеу бөлімі	227 каб.
Студенттік канцелярия	212 каб.
Педагогика факультеті - деканат	416 каб.
Гуманитарлы-құқық факультеті - деканат	316 каб.
Экономика факультеті - деканат	418каб.
Химия, биология және ауылшаруашылық кафедрасы	353 каб.
Математика және информатика кафедрасы	413 каб.
Педагогика және психология кафедрасы	341, 345 каб.
Филология кафедрасы	320, 322 каб.
Дене шынықтыру және спорт кафедрасы	127, 129 каб.
Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география кафедрасы	324 каб.
Қаржы және құқықтану кафедрасы	418, 419
Экономика және есеп кафедрасы	
Ақпараттық технология бөлімі	2 қабат., оң қанаты
Қаржылық - экономикалық бөлімі	2 қабат., оң қанаты
Ғылым бөлімі	219 каб.
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығы	219 каб.
Жастар ұйымы	331 каб.
Архив	1 қабат, оң қанаты

Студентке қызмет көрсету туралы ақпарат

Кітапхана – 2 қабат, оң қанаты,

Электронды кітапхана - 2 қабат, оң қанаты

Медициналық кабинет – 1 қабат, оң қанаты

Асхана – 1 қабат, оң қанаты,

Акт залы – 1 қабат, сол қанаты

Студенттік жатақхана – 3, 4 қабат, оң қанаты

Спортзал – университет ауласында

Салтанат залы - 1 қабат, оң қанаты

Оқу ақысын төлеуге арналған терминал – 1 қабат, фойе

Шымкент университеті туралы жалпы мәлімет

Шымкент университеті - Оңтүстік өңірінде 2001 жылдан бастап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мерзімі шектеусіз АБ № 0137423 (03.02.2010ж) тұрақты лицензиясының негізінде студенттерге сапалы білім беріп, жоғары білікті маман даярлауда өзіндік үлес қосып келе жаткан жоғары оқу орны.

Университтте оқудың күндізгі, кешкі және сырттай оқу түрлері бойынша қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде төмендегі мамандықтарды даярлайды.

I.Бакалавр мамандықтары

5В010200-Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
5В010300-педагогика және психология
5В010600-Музыкалықбілім
5В010700-Бейнелеу өнері және сызу
5В010800- Дене шынықтыру және спорт
5В010900-Математика
5В011100-Информатика
5В011200-Химия
5В011300-Биология
5В011400-Тарих
5В011600-География
5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті
5В011800-Орыс тілі мен әдебиеті
5В011900-Шет тілі:екі шет тілі
5В012000-Кәсіптік оқыту
5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
5В030100-Құқықтану
5В050100-Әлеуметтану
5В050600- Экономика
5В050800-Есеп және аудит
5В050900-Қаржы
5В060700-Биология
5В070400- Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
5В080100- Агрономия

II Магистратура мамандықтары

6М010300-Педагогика және психология
6М010900-Математика
6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті
6М050600-Экономика
6М050800-Есеп және аудит
6М060200-Информатика

Университетте студенттердің заман талабына сай сапалы білім алуына қажетті жағдайлар жасалған. Университетте арнайы компьютер класстары,

лингафон кабинеттері, химия, биология, физика және басқа да арнайы пәндерден зертханалар жұмыс істейді. Университет ғимаратында орналасқан асхана, кітапхана, және дәрілік орын студенттерге қызмет көрсетеді. Салтанатты, тәрбие, спорт іс-шараларын өткізетін акт залы, спорзал және салтанат залы студенттерге арналған. Интерактивті тақтамен жабдықталған арнайы кабинеттер бар. Студенттерге университет ғимаратында орналасқан 200 орындық жатақхана қызмет көрсетеді.

Университетті ғылыми дәрежесі мен атағы бар төмендегі тұлғалар басшылық жасайды.

Ректор – Шингисбаев Бахытжан Малікұлы, химия ғылымының кандидаты, доцент

Оқу ісі-жөніндегі проректор – Козбагарова Бибигуль Сабырбекқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты

Ғылыми және халықаралық байланыс проректоры – Нұрлыбаев Нұржан Мадірайұлы филология ғылымдарының кандидаты

Тәрбие ісі жөніндегі проректоры – Айтжанов Толеген Әміруұлы

Оқу процесін ұйымдастыру және бақылау басқармасының бастығы –Құланова Сандуғаш Шәрібекқызы филология ғылымдарының кандидаты

Гуманитарлық-құқық факультетінің деканы – ф.ғ.к., Ботабаева Жанна Нұралықызы

Педагогика факультетінің деканы – Мамбетов Бекзат Махамбетұлы

Аға офис тіркеуші - магистр Менликулова Әдемі Бақытқызы

Шымкент Университетінің құрылымы



Білім беру саясатындағы университеттің сапа көрсеткіштері

Білім беру қызметінің нәтижесінде білімгерлердің оқу орны туралы мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Ол үшін: профессор оқытушылар құрамының сапасын қалыптастыру;

- Материалдық базаны заманауи техникалық оқу құралдарымен жабдықтану;
- Білімгерлердің сапалы білім алуына, спортпен шұғылдануына, түрлі үйірмелерге қатысуына, тынығып демалуына барлық жағдай жасау;
- Ақпараттық технология ресурстарын ұтымды пайдалану жолдарына кеңінен жол беру;
-Инновациялық жобалар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстармен шұғылдануына қажетті жағдайлар жасау;
- Білімгерлердің академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде жақын және алыс шетел оқу орындарымен өзара әріптестік қатынасты орнықтыру

Университеттің білім беру саласындағы әріптестері

1. «Гедиз» университеті Измир қаласы, Туркия Республикасы. Бұл оқу орнымен байланыс 2013 жылы келісімшартқы екі жақты қол қойылды. Студенттер мен оқытушылар алмасу арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері келісілді.
2. И.Арабаев атындағы Қырғызстан мемлекеттік университеті. Аталған оқу орнымен 2010 жылы университетке арнайы делегация келіп өзара ынтымақтастық туралы келісімдерге қол жеткізді. 2012 жылы Шымкент университетінің құрамында 8 адам И.Арабаев университетіне арнайы шақырумен барып ынтымақтастық шеңберінде ғылыми жұмыстар бойынша мәселелер талқылады.
3. Абай атындағы Ұлттық педагогика университетімен, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетімен, Халықаралық Гуманитарлы-Техникалық университетімен, Аймақтық Әлеуметтік Инновациялық университетімен өзара келісім жасалынып, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен өзара ынтымақтастық әріптестік бағытындағы келісім шарт жасалған.

2016/2017 оқу жылына арналған оқу процесінің кестесі
бакалавриат, күндізгі бөлім

24 - 28 тамыз	Студенттерді қабылдау
29 – 02 қыркүйек	Бейімдеу аптасы
1 қыркүйек	Білім күні
5 қыркүйек – 16 желтоқсан	Күзгі семестр (теориялық оқыту, 15 апта)
24 – 28 қазан	Рейтинг-1 (8-ші апта)
12 – 16 желтоқсан	Рейтинг-2 (15- ші апта)
19 желтоқсан – 06 қаңтар	Қысқы емтихан сессиясы (3 апта)
9 қаңтар –3 ақпан 2017 ж.	Қысқы демалыс (4 апта)
6 ақпан – 19 мамыр	Көктемгі семестр (теориялық оқыту, 15 апта)
20 – 24 наурыз	Рейтинг-1 (8-ші апта)
15– 19 мамыр	Рейтинг-2 (15-ші апта)
18– 22 сәуір	2016/2017 оқу жылының пәндеріне тіркеу (1 апта)
22 мамыр – 9 маусым	Жазғы емтихан сессиясы (3 апта)
12 маусым – 21 шілде	Жазғы семестр (6 апта)
24 шілде – 28 тамыз	Жазғы демалыс
Бітіруші курстар	
06 ақпан – 14 сәуір	Өндірістік/ Педагогикалық тәжірибе (10 апта) Диплом алды іс тәжірбие (10 апта)
17 сәуір – 21 сәуір	Шолу дәрістері (1апта)
24 сәуір- 5 мамыр	Мемлекетік емтихан (2 апта)
08 мамыр – 02 маусым	Қорытынды аттесттация (4 апта)

Ескерту: Іс-тәжірибе бойынша толық мәліметті мамандықтардың бекітілген академиялық күнтізбесінен университет сайтынан www.univershu.kz. көре аласыздар.

Оқу үдерісін оқытудың кредиттік технологиясы бойынша ұйымдастырудың ерекшеліктері

Оқытудың кредиттік технологисы – даралану, білім беру траекториясының таңдамалылығы және білім ауқымын кредиттер түрінде есепке алу негізінде өз бетінше білім алу және білімді шығармашылық пен игеру деңгейін арттыруға бағытталған білім беру жүйесі.

Кредит – білім алушы/оқытушының оқу жұмысының көлемі өлшемінің бірізді бірлігі.

Оқытудың кредиттік технологиясын пайдалана отырып оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

1) білім көлемін біріздендіру;
2) едәуір жекеленген оқу үшін жағдай жасау;
3) білім алушылардың өзіндік жұмыстарының тиімділігі мен рөлін күшейту;
4) білім алушыларға бақылау жасаудың тиімді процедурасы негізінде олардың нақты оқу жетістіктерін анықтау.

Оқытудың кредиттік технологиясына мыналар жатады:

1) әр пән бойынша білім алушылар мен оқытушылардың еңбек шығындарын бағалау үшін кредит жүйесін енгізу;
2) жеке білім беру траекториясын таңдау барысында білім алушылардың тікелей қатысуын қамтамасыз ететін элективті пәндер каталогына енген пәндерді таңдауда білім алушылардың еркіндігі;
3) оқытушыларды таңдауда білім алушылардың еркіндігі;
4) білім беру траекториясын таңдауда білім алушыларға көмектесетін эдвайзерлерді оқу үдерісіне тарту;
5) оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану;
6) білім беру бағдарламаларын меңгеруде білім алушылардың өздік жұмыстарын белсендіру;
7) оқу үдерісін ұйымдастыруда, білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда институттің, кафедралардың академиялық еркіндігі;
8) қағаз және электронды түрінде барлық қажетті оқу және әдістемелік материалдарымен оқу үдерісін қамтамасыз ету;
9) білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістері;
10) әр оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың баллды-рейтингілік жүйесін пайдалану.

Оқытудың кредиттік технология міндетіне білім алушының өзінөзі ұйымдастыру мен өз бетінше білім алу дағдыларын дамыту жатады. Білім алушының өз бетімен оқытушының жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмысы төрт негізгі қызметті қамтиды:

Бірінші қызмет оқу пәні бойынша белгіленген сабақ барысында оқытушымен берілген ақпаратты білім алушының белсенді қабылдауын қарастырады.

Екінші қызмет оқытушының ұсынысы негізінде білім алушылардың өз бетінше оқу-әдістемелік құралдар, әдебиеттермен танысуын, үй тапсырмалары мен бақылау және курстық жұмыстарын орындауын қарастырады. Бұл кезеңде білім алушылардан жұмыс жасау әдістерін білуі, өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі тәртіпте ұстауы талап етіледі.

Үшінші қызмет студенттің осал тұстарын талдау және жүйелеу, оқу материалын игеру барысында туындайтын қиындықтарын анықтауды қамтиды. Білім алушылар шешімін таппаған сұрақтарын оқытушыларға жолдайды (сараптап, рәсімдеп), ол сұрақтарға өздерінің жауап нұсқаларын дайындайды.

Білім алушының төртінші қызметі оқытушыдан кеңес, көмек, түсініктеме алудан тұрады.

Бір оқу жылдың шеңберінде оқу үдерісінің ұйымдастырылуы Ғылыми кеңестің шешімі негізіндер Шымкент университетінің ректоры бекіткен А***кадемиялық күнтізбеге*** сәйкес жүзеге асырылады. Ағымдағы оқу жылының академиялық күнтізбесі университет сайтына (www.univershu.kz.) енгізіледі.

Оқу жылы академиялық кезеңдер, аралық аттестация кезеңдері, демалыс пен практикалардан тұрады. Бітіру жылында оқу жылына қорытынды аттестация кезеңі енгізіледі. Университетте академиялық кезеңі деп ***15 аптадан тұратын семестр*** саналады.

Оқу жылы 35 аптадан құралады, оның ішінде 30 апта – теориялық оқыту, 5 – қорытынды бақылау. Күндізгі оқу бөлімінің студенттері үшін жылына екі реттен кем емес 7 апталық демалыс кезеңі ұйымдастырылады. Оқу жылының басы – 1 қыркүйек.

6 аптаға созылатын ***жазғы семестр*** ұйымдастырылып өткізіледі (бітіруші курстардан басқа), оның ішінде 4-5 апта – теориялық оқыту, 1 апта – қорытынды бақылау (емтихан сессиясы).

Оқу сабақтар төмендегідей ұйымдастырылады:

- күндізгі бөлімінің білім алушылары үшін – бір немесе екі ауысыммен 9.00-дан 18.30-ға дейін;

- сырттай бөлімінің білім алушылары үшін – күн бойы 8.00-ден 20.00-ге дейін, бос дәрісхана қорына байланысты.
- Кешкі бөлімінің білім алушылары ушін – кешке 19.00- ден 22.00-ге дейін

- Білім алушы академиялық жетекшісі – **эдвайзердің** көмегімен

оқытудың жеке траекториясын қалыптастырады.

- Білім алушының **жеке оқу жоспары,** білім алушының жеке білім беру траекториясын анықтайтын ***жеке оқу жоспарын*** (ЖОЖ), эдвайзердің көмегімен білім алушы өзі әр оқу жылына арнап белгіленген форма бойынша қалыптастырады.
- Білім алушы мамандық бойынша типтік оқу жоспарында қарастырылған белгілі кредиттер санына тіркелуі тиіс. Типтік оқу жоспары мен Элективтік пәндер Каталогы негізінде білім алушылар қажетті кредиттер санын ескере отырып, міндетті және элективті пәндерді таңдайды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау

Студенттердің білімін бақылау мен бағалау кешені **ағымдағы, шептік, қорытынды бақылауды және қорытынды мемлекеттік аттестациялауды** болжайды.

Бақылаудың барлық формалары бойынша бағалар әрбір пән бойынша бөлек білімді бағалаудың көп баллдық әріптік жүйесінің 100% шкаласы бойынша пайызбен қойылады.

Сіздің біліміңізді бағалау өлшемдері:

«А» («өте жақсы») – егер Сіз бүкіл бағдарламадағы материалды терең және мықты меңгерсеңіз, тапсырманың түрін өзгерткен кезде жауап беруге қиналмай, материалды толық, сабақтастықпен, сауатты және логикамен баяндасаңыз, алдыға қойған міндеттерді еркін жүзеге асыра алсаңыз, монографиялық материал білімін көрсетсеңіз, қабылдаған шешімді дұрыс негіздей білсеңіз, жұмыстарды тәжірибеде орындаудың жанжақты дағдылары мен тәсілдерін меңгерген болсаңыз, материалды қателік жібермей, өздігіңізден айта алып, қорытынды жасай алсаңыз;

«В», «С» («жақсы») – егер Сіз бағдарламалық материалды нақты білсеңіз, оны сауатты түрде және негізгі мәнін айтып бере алсаңыз, сұраққа жауап беру кезінде түбегейлі дәлсіздікке жол бермесеңіз, теориялық ережелерді дұрыс қолдана білсеңіз және тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларға ие болсаңыз;

«D», «Е» («қанағаттанарлық») – егер Сіз негізгі материалды ғана меңгерсеңіз, дәлсіздіктерге жол берсеңіз, тұжырымдарыңызды жеткілікті түрде дұрыс айтып бере алмасаңыз, бағдарламалық материалды баяндау дәйектілігін бұзсаңыз және тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде қиналсаңыз;

«F», «FX» («қанағаттанарлықсыз») – егер Сіз бағдарламалық материалдың маңызды бөлігін білмесеңіз, түбегейлі қателіктер жіберсеңіз, тәжірибелік жұмыстарды үлкен қиындықпен орындасаңыз.

Оқытушы бағалардың әріптік және пайыздық эквивалентін оқу

сабағының журналына қойып, белгілеп отырады. Мысалы: С(87).

Ағымдағы бақылау – оқытушы жүргізетін ағымдағы сабақтарда студенттердің білімін жүйелі тексеру.

Пәндерді оқыту кезінде студенттер білімін ағымдық бақылаудың алуан түрлері көзделуі мүмкін: **ауызша сұрау жүргізу**, **жазбаша сұрау жүргізу, аралас бақылау жүргізу**, **үй тапсырмаларын қорғау және таныстыру,** пікірталас, тренингтер, дөңгелек столдар, кейс, тестілер.

Әріптік йедегі бағалау	Бағаның саидық баламасы	Пайыздық баламасы	Дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша	ECTS бойынша баға
A	4,0	95-100	өте жақсы	A
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	жақсы	B
B	3,0	80-84	жақсы	C
B-	2,67	75-79		
C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық	D
C-	1,67	60-64		
F+	1,33	55-59		
F	1,0	50-54	қанағаттанарлық	E
F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	FX. F

Ағымдағы бақылау семинар, тәжірибелік, лабараториялық сабақтар мен студенттің өзіндік жұмысы шеңберінде оқытушының жетекшілігімен (ОСӨЖ) жүзеге асырылады.

Студенттердің білімін **шептік (рейтингтік)** бақылау - әрбір пән бойынша 2 рет – бірінші және екінші рейтинг тиісінше семестр ішіндегі 8-ші және 15-ші апталарда жүргізіледі.

Шептік бақылауды жүргізу формасы жазбаша бақылау және лабораториялық жұмыстар, тестілеу немесе ауызша таңдау – коллоквиум, конференцияларда сөз сөйлеу және т.б.

Ағымдағы және шептік бақылау бағалары негізінде (50%-ға 50% ретінде қабылданатын) оқытушы шептік рейтинг (P_1 немесе P_2) шығарып, ол «Рейтинг ведомосіне» жазылады. Нәтижелері тұтас санға дейін ықшамдалады.

Мысалы, 8-ші аптадағы рейтингті (P_1) есептеп шығарамыз. Ағымдағы бақылаудың орташа бағасы 84% («В»), шептік бақылау нәтижелері 87% («В») құрайды.

Осылайша, $P_1 = \frac{84+87}{2} = 85.5$ (86).

Босатқан бір сабақ үшін рейтингтен (P_1 немесе P_2) 5% шегеріледі. Мысалы: P_1= В (87%) – 5% = С (82).

Сіз босатқан сабақты бірінші шептік бақылауға дейінгі кезеңде, сол сияқты екінші шептік бақылауға дейінгі кезеңде жұмыспен өтей аласыз. Соңғы жағдайда P_2 P_1-ден шегерілген 5% -ға өседі (егер бір сабақ жұмыспен өтелсе).

Емтихан сессиясы басталғанға дейін сіз өзіңіздің P_1 немесе P_2-ні жоғарылата аласыз. Бұл үшін факультет деканының атына өтініш жазу қажет.

Егер сіз объективті себептер бойынша P_1 және P_2 өткізуге қатыспасаңыз, сіз одан жеке өтуге құқыңыз бар. Сондықтан да факультет деканының рұқсаты бойынша сіз емтихан сессиясы басталғанға дейін жеке кесте бойынша P_1 және P_2 тапсыруға тиіссіз.

Емтихан алдында пән бойынша P_1 және P_2 негізінде орташа рейтинг есептеліп шығарылады.

Орташа рейтинг мына формула бойынша есептелінеді:

$$P_{\text{орташа}} = \frac{P_1 + P_2}{2} * 0{,}6;$$

Бұл ретте, **егер сіз курстық жұмыс қорғамаған болсаңыз, онда сіз емтиханға жіберілмейсіз.**

Егер сіздің **орташа рейтингіңіз D(50) –дан** төмен емес болса, онда Сіз пәннен емтихан тапсыруға жіберілесіз.

Студенттер біліміне қортынды бақылау (емтихан).

Рейтингі 50%-дан төмен емес студенттер қорытынды емтиханға жіберіледі. Қалған студенттер қорытынды бақылау басталғанға дейін өздерінің орташа рейтингін ($P_{\text{орта}}$) көтеруі тиіс.

Студенттер біліміне қорытынды бақылау сабақ кестесі бойынша емтихан сессиясында өтеді. Емтихан өткізу түрі (тест,жазбаша,ауызша) университеттің Ғылыми кеңесімен анықталады.

«Автоматты түрде» - емтиханды тапсыруға рұқсат етілмейді.

Орташа рейтинг пен емтихан бағалары негізінде, қорытынды баға шығарылып, ол пән бойынша түпкілікті баға болып саналады.

Ағымдағы академиялық мерзімде, бағаны көтеру мақсатында, сол сияқты қанағаттанарлықсыз бағаны түзету мақсатында **емтихан бағасын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.**

Қалаған пәнді қайта оқу үшін (және бағаны көтеру мақсатында) ақылы жазғы (қосымша) семестрге жазылу қажет. Яғни, лекция тыңдау, орташа рейтингті қайта жинау және емтихан тапсыру. Бірақ, пәнді қайта оқыған студент қызыл диплом алу құқығынан айырылады.

Студенттің орташа балы (GPA). Рейтинг. Бақылау

Білімгердің үлгерім нәтижелері бойынша орташа балы (GPA) есептеледі, оның ең үлкен мәні - 4 балл. Орташа балл білімгердің қорытынды нәтижелері бойынша есептеледі. Ол нәтижелер балдық-рейтингілік жүйе бойынша бағаланады.

Рейтингілік бақылау түрлері: межелік, ағымдық, аралық және қорытынды

Мынаны назардан шығармаңыз! Сессияны жай ғана бағаға тапсыру жеткіліксіз! Белгіленген бір курстан келесі курсқа көшіру балын (GPA) жинау қажет. ШУ-де курстан курсқа көшіру орташа балы GPA белгіленген:

1 курстан 2 курсқа өту- 1,33 балл
2 курстан 3 курсқа өту – 2,00 балл
3 курстан 4 курсқа өту – 2, 67 балл
4 курстан 5 курсқа өту – 2, 67 балл

Жыл сайын көшіру балдың деңгейі Ғылыми кеңестің шешуімен қайта қарастырылуы мүмкін.

<u>Мысал:</u> 3-ші курс студенті сессия қорытындылары бойынша келесі нәтижелерге ие болды:

Пәндер	Баға	Балл	Кредиттер
Математика	A-	3,67	3
Информатика	B-	2,67	3
Философия	B-	2,33	3
Қазақ тілі	D	1,33	3
Педагогика, психология және өзіндік таным негіздері	B+	3,33	3

$$\text{GPA} = \frac{3k*3{,}67+3k*2{,}67+3k*2.33+3k1.33+3k*3.33}{3k+3k+3k+3k+3k} = \frac{39.99k}{15k} = 2.666$$

Өйткені 3 курс үшін белгіленген балл GPA 2,1 құрайды, біздің студентіміз 4 курсқа көшіріледі.

Мынаған назар аударыңыз! Егер сіз емтиханда «F» баға алған болсаңыз, орташа рейтингіңіз жоғары болса да, қорытынды баға автоматты түрде «F» (қанағаттанарлықсыз) болады. Мұндай жағдайда сіз борышкер қатарына ілігіп, жазғы **ақылы** семестрге қаласыз.

Ағымдағы академиялық мерзімде, бағаны көтеру мақсатында, сол сияқты қанағаттанарлықсыз бағаны түзету мақсатында **емтихан бағасын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.**

Қалаған пәнді қайта оқу үшін (және бағаны көтеру мақсатында) ақылы жазғы (қосымша) семестрге жазылу қажет. Яғни, лекция тыңдау, орташа рейтингті қайта жинау және емтихан тапсыру. Бірақ, пәнді қайта оқыған студент қызыл диплом алу құқығынан айырылады.

Сіздің емтихан нәтижелеріне шағым беруге құқыңыз бар.

Шағым беру рәсімі сіздің жауабыңызды қайта рецензиялауды болжайды. Шағымдану нәтижесінде баға жоғарылатуы, сол сияқты төмендетілуі немесе

өзгеріссіз қалдырылуы мүмкін.

Кітапхананың ақпараттық ресурстарын пайдалану ережелері

Пайдаланудың жалпы ережелері

Оқу, ғылыми, электронды кітапхана қызметін пайдалану құқығына оқытушылар, студенттер, магистранттар, қызметкерлер ие бола алады.

Кітапхана оқырмандарға оқу, ғылыми кітапханада бар әдебиеттерді, газет, журналдарды және басқа құжаттарды уақытша беруді ұйымдастырады.

Кітапханалық қызмет көрсетудің барлық түрлері тегін ұсынылады.

Әдебиеттерді үйге беру абонементтерде жүзеге асырылады. Соңғы немесе дара даналы әдебиеттер үйге берілмейді. Оқу залдарындағы әдебиеттер тек зал ішінде пайдалануға ғана беріледі.

Оқырмадарға оқырман билеті беріледі және оқырман формуляры толтырылады.

Оқырман билеті кітапхананың оқу залдары мен абонементтерін пайдалануға құқық беретін бірегей құжат болып есептеледі. Оқырман билетін пайдалану мерзімі – университет бітіргенше. Оқырмандарды кітапханаға тіркеу кезінде оны пайдалану ережерімен таныстырады және олар осы ережелерді орындау міндеттерін оқырман формулярына қол қою арқылы растайды.

Интернет желісін қолданудың тәртібі

3.1. Интернет желісін қолдану қызметтік және білім беру мақсатында қолданылады. Тұлғаның дамуы, оның әлеуметтену және Интернет желісімен компьютерлі сауаттық туралы білім алу үшін білім беретін бағыттан тыс ресурстерге кіру мүмкіндігі бар.

3.3. Қолданушыға рұқсат етілмейді:

– ҚР заңдылығына қайшы келетін және/немесе кәмелетке толмағандарға арналмаған қорларға кіру (порнография, зорлық-зомбылықты насихаттайтын, терроризм, саясатты немесе діни экстремизм, ұлттық, нәсілдік араздықтар);

– Интернет арқылы кез келген келісім шарттарды іске асыру;

– Интернет-сайттар дауыс беру, жаңалықтарды орналастыру, сұхбаттасу (чат), және тағы басқа бөлімдерден тұруы мүмкін. Форумдарды тек сол форумның мазмұнымен сипатына сәйкес ақпарат пен материал алу және жіберу үшінғана қолданылады. Қолданушылар осы Ереже-

лердің шарттарына қайшы келетін іс-әрекеттер жасамауды өз міндеттеріне алады, мысалға:

– жала жабу; тұлғалардың тобына, сондай ақ жеке немесе заңды тұлғаларға тіл тигізу, қорқыту, кез келген басқа тәсілмен тұлғалардың құқығы және мүддесін таптау, сонымен қатар қарым-қатынастың белгілі нормаларын бұзу;

– басқа тұлғаға қатысты, кемістетін, нақты емес, әдепсіз, заңсыз материалдармен ақпараттарады жариялау, хабарлау, басқада жолдармен тарату.

5. Шымкент университетінің компьютерлер желісіне қосылған, компьютер сыныптарындағы компьютерлер қызметін қолдану ережелері:

5.1. Білім алушылар осы Ережелермен танысулары тиіс. Ережелермен таныстыру инженер-программистке жүктеледі.

5.2. Сыныптағы компьютерлерде жұмыс істеу үшін инженер-программисттің рұқсаты болуы тиіс. Инженер-программисттен бөтен қолданушы компьютерде уақытша жұмыс жасауға рұқсат бере алмайды.

5.3. Компьютер қорларын үлестіруі мәселелеріне байланысты сұрақтармен инженер-программистке өтініш білдіруге болады. Қолданушының қолданыстағы қор көлемінің өзгеруіне немесе жүйенің қауіпсіздігіне кедергі келтіретін қандайда бір іс-әрекеті (мысалы, жалпы ұжымдық қолданыстағы серверді компьютерге орнату) инженер-программисттің рұқсатымен жасалуы тиіс.

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТТІҢ АР КОДЕКСІ

- Университет миссиясын іске асыруда өз жауапкершілігін саналы түрде түсіне отырып;
- Шымкент Университетінің корпоративті мәдени имиджін қолдауды және дамытуды өз парызым деп санап;
- ЖОО-ң әкімшілігі, қызметкерлері, студенттері арасында демократиялық қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру мақсатында осы Шымкент университетінің студентінің ар Кодексін қабылдауға және орындауға міндеттенемін, міндет аламын;
- Шымкент университетінің студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Шымкент университетінің Жарғысын, ішкі ережелерді және университеттің басқа да нормативтік ережелерін сақтайды.
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін білуге және құрмет тұтуға, ұлттық мәдениет пен тарихты, Университеттің дәстүрлерін сақтайды;

- Қазақстан Республикасының патриоттық тәрбиелі азаматы болуға, шығармашылық тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамыта отырып, таңдаған мамандығы бойынша кәсіби маман болуға ұмтылады;
- Мәдениет және адамгершілік, әдептіліктің үлгісі болуға тырысыңдар, азғындық көріністеріне шыдамауға гендерлік кемсітушілік көріністерін алдын алады, әлеуметтік, ұлттық немесе діни белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді;
- Салауатты өмір салтын сақтауға және жаман әдеттерден бас тартуға ұмтылады;
- Оқу ғимаратында және студенттік жатақханада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз еді, университет мүлкін қорғайды, университет дәстүрлерін құрметтейді;
- Университеттің имиджін және корпоративтік мәдениетін жақсарту үшін (ғылыми-зерттеу, білім беру, спорт, өнер және т.б.) шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған барлық іс шараларды қажетті және пайдалы таниды;
- Бәсекеге қабілетті маманға қажетті практикалық, кәсіби дағдылар мен қабілеттілікті игеруде теориялық және арнайы білімді меңгеру үшін барлық күшін жұмсайды,;
- Білімді бақылау процедурасын уақтылы орындайды, университеттің оқу процесінің кестесін жүзеге асырады;
- Ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстармен айналысуға, өз бетінше білім алуға ұмтылады;
- Ғылыми, мәдени, спорт және университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысады;
- Шымкент университеті студентінің сыртқы түрі эстетикалық өлшемдерге сай, әдемі көрінеді
- Оқытушыны адам және тұлға ретінде құрметтейді;
- Университет студенттері арасында өзара көмек, өзара құрмет көрсете отырып өмір сүруі ережелерін ұстанады;
- Университет қабырғасынан тыс жерде өзінің жоғары мектеп өкілі болып табылатындығын есте ұстауға және оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан түсіріп алмауға барлық күшін жұмсайды;
- Студенттік Шымкент университеті елде тәртіп тұрақсыздандыру бағытталған ақпарат беруге, сондай-ақ рұқсат етілмеген жиналыстар, демонстрациялар, митингілер мен шерулерге қатыспайды.
- Өз ойын дұрыс білдіруге, байқап сөйлеуге, өз тілін құрметтеуге және орыс, ағылшын және басқа да әлем тілдерін үйренуге ұмтылады;
- Жаңа интерактивті компьютерлік технологияларды меңгеруге ұмтылады;

- Этикалық, академиялық және құқықтық бұзушылықтарды болдырмауға, оның ішінде:
- плагиат;
- жалғандық;
- көшіруге және білімді бақылау кезінде басқалардан көмек сұрауға;
- интернет-ресурстарды пайдалана отырып дайындалған барлық оқу материалдарын (рефераттар, бақылау, дипломдық және басқа да жұмыстар) өз еңбегінің нәтижесі деп көрсетуге;
- жоғары балл алуға туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалануға; себепсіз оқу сабақтарын өткізу және кешігуге ;
- парақорлық
- болашақта маманға лайықты сапалы білімге қол жеткізуге сыйыспайтын әрекет ретінде қарастыруға;
- сенімсіздік және түсінбеушілік атмосферасын студенттердің атағына сай келмейтін іс-әрекеттер жасауға, ұжымда қақтығыстық жағдай туғызуға жол бермейді.

Оқу ақысын төлеу

Шымкент университетіндегі оқу ақысын төлеу әрбір оқу жылына ғылыми және білім беру үдерісін қамтамассыз етуге жұмсалатын шынайы шығындарды есептеу арқылы анықталады және университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Оқу ақысының түсімі және төленуін Қаржы-экономикалық бөлім іске асырады.

Оқу ақысын төлеу сомасы өзгерген жағдайда ақылы түрде білім беру қызметін көрсету туралы Келісім-шартқа қосымша келісім жасалады.

Оқу ақысын төлеу Шымкент университетінің есептік шотына **«Казкоммерцбанк» АҚ** арқылы іске асырылады. «Казкоммерцбанк» АҚ-ың реквизиттері төмендегідей:

СТН 582100008395
БИН 000540000592
ИИК KZ 589260801154109000
АО «Казкоммерцбанк»
БИК KZKOKZKX

Білім алушылардың әлеуметтік жағдайын ескере отырып, оқу ақысын бөліп төлуге мүмкіндік берілген:

Басқа оқу орнынан ауысып келген білім алушылар сабаққа жіберілуі туралы бұйрық шыққаннан кейін, ақылы түрде білім беру қызметін

көрсету туралы Келісім-шартқа сәйкес оқу ақысын төлеуді жүзеге асырады.

Оқу ақысын төлеу бойынша келесім-шарттық міндеттер білім алушының оқудан шығуы туралы бұйрығы шыққанға дейін сақталады.

Оқу ақысына қаржылай қарыз пайда болған жағдайда білім алушы кезекті сессияға, қосымша семестрдегі пәнге тіркелуге жіберілмейді және университеттен оқудан шығарылады.

Студенттік жатақханадағы ішкі тәртіп ережесі

Басқа қаладан келген студенттерді оқу жылы қарсаңында университет оқу ғимараттарына ыңғайлы орналасқан жатақханамен қамтамасыз етеді.

Жатақхана тұрғындарының құқығы:

- ішкі тәртіп және келісімшарт ережелерін сақтаған жағдайда берілген орында оқу жылының соңына дейін тұруға;
- жатақхананың санитарла-тұрмыстық ғимараттарын, бөлмесін, жуынатын бөлме, туалет және т.б. пайдалануға;
- тәрбие жұмысы жөніндегі проректор мен коменданттың жазбаша рұқсатымен ғана бір бөлмеден екінші бөлмеге ауысуға;

Жатақхана тұрғындарының міндеттері:

- жатақхананың ішкі тәртіп ережелерін, техника қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін, келісімшарт және т.б. актілерді қатаң сақтауға;
- электр энергиясын, газ бен суды үнемдеп жұмсау. Бөлмеден немесе жатақханадан шыққанда ыстық және суық су шүмектерін жауып, терезе, есіктерді жауып, жарықты және электрқұрылғыларын сөндіріп кетуге;

- бөлменің артық кілтін жатақхананың вахтерына өткізуге, жатақхананы тек тұрғылықты орын ретінде пайдалануға, кілтті немесе бөлмені бөтен адамға бермеуге;
- жатақхананың мүлкін күтіп ұстауға, көпшілік орындарда тазалық пен тәртіпті қатаң ұстауға, тұрғылықты бөлмеде жиі тазалық жұмыстарын жасауға;
- жатақхананың мүлкіне материалды жауапкершілікте болуға, жатақхананың мүлкіне зиян келген жағдайда материалдық шығынның ақысын өтеуге;
- жатақханадан шығарда жатақхана мүлкін түгелімен қайтаруға;
- университет әкімшілігінің рұқсатынсыз жатақханаға бөтен адамды кіргізбеуге.

Жатақхана тұрғындарына қатаң тыйым салынады:

- жатақхана әкімшілігінің рұқсатынсыз жеке пайдалануға берілген мүліктерді өз еркімен бір бөлмеден екінші бөлмеге ауыстыруға;
- жатақханаға кіру рұқсат қағазын жатақханаға кіру үшін бөтен адамға беруге;
- жатақхананың кез-келген жерінде темекі шегуге, жатақханада алкогольді, нашақорлық күйде келуге, сонымен қатар наркотикалық, психотропты, алкогольді заттарды таратуға және пайдалануға;
- аудио, теле және видеоаппаратура қондырғыларын барлық қатты дауыста қоюға;
- үй жануарларын пайдалануға, бауырымен жорғалаушы және құстарды асырауға;
- жатақхана территориясын ластауға, ас әзірлейтін бөлмеде, көпшілік пайдаланатын орындарда, коридорда қоқыс тастауға;
- электрқондырғыларын пайдалануға, соның ішінде сапа сертификаты жоқ электрұзартқыш және жалғастырғыш құрылғыларды пайдалануға;
- шатырға шығуға, көтерілуге, балкон мен терезелерге асылып тұруға, отыруға;
- құмар ойындар ойнауға,балағат сөздер сөйлеуге, ұрыс-төбелес ұйымдастыруға;
- басқа тұрғындардың бөлмелеріне тұрғындардың рұқсатынсыз кіруге;
- жоғарыда көрсетілген ішкі тәртіп ережелерін бұзған жатақхана тұрғындары, сонымен қатар техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, санитарлық ережелерді, жатақханада тұру келісімшартын бұзған, қызметкерлерді, жатақхана тұрғындарын, қабат старосталарын сыйламаған жатақхана тұрғынына қоғамдық ықпал жасау іс-шаралары мен тәртіп жөніндегі жаза қолданылады.

Шымкент университетінің мекен жайы:

Шымкент қаласы,
Тассай елді мекені,
Жібек жолы көшесі, 131

Телефоны: 8-7252-55-58-61

Университет ғимаратына қала орталығынан № 65, №44, Шымкент-Ақсу маршруттағы автобустар жүреді

Студенттің анықтамалық-нұсқаулығы

Құрастырушылар:

Козбагарова Б.С.- Оқу ісі жөніндегі проректор
Құланова С.Ш .- Оқу процессін ұйымдастыру және бақылау басқармасының бастығы
Жанасбаева Д., - Кітапхана меңгерушсі
Жоланова А. - Тіркеу басқармасының бастығы